

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV
UNIVERSITY

Сәтбаев Университетінің кадр саясаты

Кадрлық әлеуетті қалыптастыру және дамыту жолдары мен әдістері ЖОО-ның кадр саясатымен айқындалады.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың кадр саясаты – университеттің стратегиялық саясатының құрамдас бөлігі, ол кадрлық әлеуетті университеттің миссиясы мен мақсаттарына сәйкестендіруге бағытталған.

ҚазҰТЗУ-дың кадр саясатының мақсаты – жоғары кәсіби деңгейі мен бірыңғай корпоративтік рухы бар университеттің кадрлық құрамын қалыптастыру, дамыту және басқару жүйесін құру.

ҚазҰТЗУ-дың кадр саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру негізінде келесі принциптер бар:

- Конституцияның, еңбек заңнамасының нормаларын, сондай-ақ жұмыстағы ғылыми-педагогикалық этикалық нормаларды мүлтіксіз сақтау;

- ПОҚ пен университет қызметкерлерін басқаруға демократиялық көзқарас;

- меритократия принциптерінде өсу және бәсекелестік үшін, сондай-ақ университет қызметкерлерінің кәсіби әлеуетін, бастамасын, зияткерлік еркіндігі мен шығармашылығын іске асыру мүмкіндіктерінің теңдігі;

- кадр саясатының университет қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, олардың ғылыми және педагогикалық қызметін жоғары халықаралық деңгейде ынталандыруға бағытталуы;

- талаптардың жоғары деңгейі және кадрларды бағалаудағы объективтілік;

- университет кадрларының сабақтастығы және жаңаруы.

Университет оқытушыларының кадрлық құрамы ғылыми-педагогикалық және практикалық қызметте айтарлықтай үлкен тәжірибесі бар, сондай-ақ цифрлық құзыреттердің жоғары деңгейі мен ерекше адамгершілік-моральдық құндылықтары бар жоғары білікті және құзыретті қызметкерлерден құралған.

Университеттің кадрлық құрамы ҚР заңнамасына және «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамына аттестация өткізу және орындарға конкурстық орналастыру ережелеріне сәйкес жасақталған.

Ректор



И.К.Бейсембетов

2020 жылғы 26 қарашаның №6 Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілді